

Түрік және герман кредит желілері бойынша берешекті өтеу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 20 тамыздағы N 393

Түрік және герман кредит желілері бойынша берешекті өтеу мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шетел банктерінің ұсынған есептерінің негізінде қосымшаға сәйкес дәрменсіз заемшылар үшін жалпы сомасы 1 126 129 (бір миллион жүз жиырма алты мың жүз жиырма тоғыз) АҚШ доллары берешекті, сондай-ақ 1996 жылға арналған республикалық бюджеттің "Сыртқы экономикалық қызмет" бөлімі бойынша көзделген қаражаттар шегінде есептелген айыппұлдар сомасын өтесін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі:

аталған заемшылар үшін төленген соманың республика бюджетіне сөзсіз қайтарылуына арналған Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі, "Игілік" акционерлік қоғамы, "Әйгерім" бірлескен кәсіпорны, "Актурбо" акционерлік қоғамы және Қазақстан Республикасының Қаржы министрі арасында үш жақты келісім жасасын.

"Игілік" акционерлік қоғамы мен "Әйгерім" бірлескен кәсіпорны

бойынша материалдарды республика бюджетінен алынған ресурстарды қайтару жөнінде шара қолдану үшін Қазақстан Республикасының сот органдарына берсін.

3. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
1996 жылғы 20 тамыздағы
N 393 өкіміне
қосымша

Шетелдік кредитті өтеу жөніндегі
берешек сомасы

Заемшы-ұйым		сомасы							
		негізгі		проценттер		басқалар			
		қарыз							
Түрік кредит желісі									
"Игілік" АҚ		1 007 241		857 245		146 422		3 574	
"Әйгерім" БҚ		14 598		-		14 528		-	
Герман кредит желісі									
"Актурбо" АҚ		104 290		-		90 847		13 443	
Барлығы:		1 126 129		857 245		251 867		17 017	